

I МОДУЛЬ

ҚЫЛМЫСТЫҚ ІСТЕР
БОҰЫНША
СОТ ІСІН ЖҮРГІЗУДІҢ
ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

2-сабақ Қысқартылған тәртіпте қаралған іс үкімі



1. Тыңдаңыз және есте сақтаңыз.

қысқартылған тәртіп
ақшаны жымқыру
шығынның көлемі

мүлікті тәркілеу
жеңіл жаза қолдану
тұрғын-жайға заңсыз кіру
берген жауаптарын саралау
материалдық шығын келтіру

қәлелдемеге қатыстылығы



2. Тыңдаңыз, бос орындарды толықтырыңыз.

жеңіл жаза _____
тұрғын-жайға _____
берген жауаптарын _____
материалдық _____

қысқартылған _____
ақшаны _____
шығынның _____
қәлелдемеге _____
мүлікті _____



3. Аудармасымен сәйкестендіріңіз.

қысқартылған тәртіп
тұрғын-жайға заңсыз кіру
берген жауаптарын саралау
материалдық шығын келтіру
ақшаны жымқыру
шығынның көлемі
қәлелдемеге қатыстылығы
мүлікті тәркілеу
жеңіл жаза қолдану

хищение денег
сумма ущерба
относимость доказательств
конфискация имущества
применение мягкого наказания
незаконное проникновение в жилое помещение
оценка данных показаний (допроса)
причинение материального ущерба
сокращенный порядок



4. Мәтінді тыңдаңыз, бос орындарды толықтырыңыз.

Қарағанды облысының Ұлытау аудандық _____:

А.А.Оспанов,

А.А.Омарованың хатшылығымен,

прокурор С.Аманов,

А.Б.Құсайынов, Н.С.Ермекбаев

Б.А.Ержанова мен А.С.Ақбиеваның қатысуымен

ашық сот отырысында аудио-бейне қолдана отырып, қылмыстық

_____ қарап, ол бойынша:

Асан Берікұлы Құсайынов 1989 жылғы 23 тамызда Қарағанды облысында туған, ҚР азаматы, қазақ, бойдақ, _____ орта, бұрын _____, уақытша _____, Мибұлақ селосы, Саркеев көшесі, 5/2. Сот отырысының _____ мен _____ туралы хабардар болған, Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 188-бабы 3-бөлігі 3-тармағында көзделген қылмыстық құқықбұзушылық жасағаны үшін сотқа берілген



5. Қажетті сөздерді қоюңыз.

Қарағанды облысының Ұлытау аудандық соты құрамында:

А.А.Оспанов,

хатшылығымен

прокурор С.Аманов

А.Б.Құсайынов, Н.С.Ермекбаев

Б.А.Ержанова мен А.С.Ақбиева

Төрағалық етуші судья

сотталушылар

А.А.Омарованың

қорғаушылары

Мемлекеттік айыптаушы



6. Ақпаратты оқыңыз.

Асан Берікұлы Құсайынов 1989 жылы 23 тамызда Қарағанды облысында туған, Қазақстан Республикасының азаматы, қазақ, бойдақ, білімі орта, бұрын сотталмаған, уақытша жұмыссыз. Миғұлақ селосы, Сейфуллин көшесі, 28-үй, 1-пәтер тұрғыны. Сот отырысының өтетін жері мен басталатын уақыты туралы хабардар болған, Қазақстан Республикасының ҚК-нің 188-бабы 3-бөлігі 3-тармағымен көзделген қылмыстық құқықбұзушылық жасағаны үшін сотқа берілген.



7. Мәтін бойынша құрыс нұсқасын белгілеңіз.

Ақпарат	+	—
Білімі: жоғары		
Жұмыс орны: жұмыссыз		
Мекенжайы: Миғұлақ селосы, Сейфуллин көшесі, 28-үй, 1-пәтер		
Ұлты: орыс		
Туған жылы: 01.02.1993		



8. Мәтінді тыңдаңыз, сан есімдерді жазыңыз.

Сотталушылар А.Б.Құсайынов пен Н.С.Ермекбаев _____ жылы қаңтар айының _____ күні, түнгі сағат _____ шамасында Ұлытау ауданы, Миғұлақ селосы, Саркеев көшесі, 28-үй, 1-пәтерде орналасқан жәбірленуші К.Н.Бактыбаевтың үінің терезесін сындырып заңсыз кіріп, осы үйдің бұрын дүкен болған бөлмесінен алкагольдік ішімдіктері мен _____ мың теңге ақшаны ұрлап, жәбірленушіге жалпы құны _____ теңге көлемінде материалдық шығын келтірген. А.Б.Құсайынов пен Н.С.Ермекбаев Қазақстан Республикасының ҚК-нің _____-бабы _____-бөлігі _____-тармағында көзделген қылмысты жасаған ұрлық алдын ала сөз байласуымен, тұрғын-жайға заңсыз кіріп, мүлкін жасырын жымқырған.



9. Мәтінді оқыңыз.

Сотталушы А.Б.Құсайыновты кешіретінін, ал Н.С.Ермекбаевқа жеңіл жаза қолдануды сұрайды. Іс құжаттары мен мән-жайларын зерттеп, дәлелдемеге қатыстылығы, жол берушілігі, құрыстығы, ал барлық жиналған дәлелдемелерге олардың жиынтығында істі шешуге жеткіліктілігі тұрғысынан баға беріп сот, А.Б.Құсайынов пен Н.С.Ермекбаевтың кінәлары жан-жақты, толық және объективті түрде дәлелденген деп санайды.

Сотталушы Асан Берікұлы Құсайыновқа жаза тағайындаған кезде сот, оның жауапкершілігін ауырататын мән-жайлардың жоқ екенін, ал жауапкершілігін жеңілдететін мән-жайлар ретінде бұрын сотты болмағандығын, жастығын, кінәсін толық мойындауын, шын жүректен өкінетінін, жағымды мінездемелерін, жәбірленушінің кешірімін ескереді. Аумақтық заңдарды Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексінің 118-бабының тәртібімен шешіледі.



10. Мәтін бойынша толықтырыңыз.

1. жеңіл жаза қолдануды
2. іс құжаттары мен мән-жайларын
3. істі шешуге жеткіліктілігі тұрғысынан
4. объективті түрде дәлелденген
5. жауапкершілігін ауырататын мән-жайлардың
6. кінәсін толық
7. Кодексінің 118-бабының тәртібімен



11. Мәтінді оқыңыз.

Асан Берікұлы Құсайынов Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 188-бабы 3-бөлігі 3-тармағымен кінәлі деп танылып, мүлкі тәркіленбей, 2 жыл 6 айға бас бостандығын шектеу жазасы тағайындалсын.

Сотталушы жазаны өтеуден қаскөулікпен жалтарған жағдайда, бас бостандығын шектеудің өтелмеген мерзімі қал сол мерзімге бас бостандығынан ауыру түріндегі жазаға ауыстырылатыны ескертілсін.

А.Б.Құсайынов пен Н.С.Ермекбаевтан Қазақстан Республикасының ҚК-нің 98-1 және 98-2-бабы, Қазақстан Республикасының «Жәбірленушіге өтемақы қоры туралы» заңының 10-бабы 2-бөлігінің талаптарына сәйкес өтемақы қорына жиырма айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде яғни, 53 020 теңге мәжбүрлі төлем өндірілсін.

Асан Берікұлы Құсайынов Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 188-бабы 3-бөлігі 3-тармағымен кінәлі деп танылып, мүлкі тәркіленбей, 2 жыл 6 айға бас бостандығынан шектеу жазасы және сол мерзімге пробациялық бақылау тағайындалып, осы жазаны өтеу мерзімі ішінде жыл сайын жүз сағаттан мәжбүрлі еңбекке тартылсын.

Үкімге қарсы тарап Қарағанды облыстық сотының Қылмыстық істер жөніндегі сот алқасына Ұлытау аудандық соты арқылы үкім жария етілген күннен бастап он бес тәулік ішінде апелляциялық шағым беруге, прокурор өтінішхат келтіруге құқылы.



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН ҮКІМ

2020 жылғы 19 ақпан

№ _____ іс

Ұлытау ауданы

Қарағанды облысының Ұлытау аудандық соты құрамында

Төрағалық етуші судья А.А.Оспанов,

А.А.Омарованың хатшылығымен,

мемлекеттік айыптаушы прокурор С.Аманов,

сотталушылар А.Б.Құсайынов, Н.С.Ермекбаев

қорғаушы-адвокаттары Б.А.Ержанова мен А.С.Ақбиеваның қатысуымен ашық сот отырысында аудио-бейне қолдана отырып, қылмыстық істі қысқартылған тәртіппен қарап, ол бойынша:

Асан Берікұлы Құсайынов 1989 жылғы 23 тамызда Қарағанды облысында туған, Қазақстан Республикасының азаматы, қазақ, бойдақ, білімі орта, бұрын сотталмаған, уақытша жұмыссыз. Мибұлақ селосы, Саркеев көшесі, 5/2. Сот отырысының өтетін жері мен басталатын уақыты туралы хабардар болған, Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 188-бабы 3-бөлігі 3-тармағында көзделген қылмыстық құқықбұзушылық жасағаны үшін сотқа берілді.

Нұрсұлтан Сәрсенбауұлы Ермекбаев, 1992 жылғы 1 ақпанда Қарағанды облысында туған, Қазақстан Республикасының азаматы, қазақ, бойдақ, білімі орта, бұрын сотталмаған, уақытша жұмыссыз, Мибұлақ селосы, Сейфуллин көшесі, 28-үй, 1-пәтер тұрғыны. Сот отырысының өтетін жері мен басталатын уақыты туралы хабардар болған, Қазақстан Республикасының ҚК-нің 188-бабы 3-бөлігі 3-тармағымен көзделген қылмыстық құқықбұзушылық жасағаны үшін сотқа берілген.

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

Сотталушылар А.Б.Құсайынов пен Н.С.Ермекбаев 2020 жылы 30 қаңтарда түнгі сағат 01:00 шамасында Ұлытау ауданы, Мибұлақ селосы, Саркеев көшесі, 28-үй, 1-пәтерде орналасқан жәбірленуші К.Н.Бактыбаевтың үйінің терезесін сындырып, осы үйдің бұрын құкен болған бөлмесінен алкагольдік ішімдіктер мен 4000 мың теңге ақшаны ұрлап, жәбірленушіге жалпы құны 22 500 теңге көлемінде материалдық шығын келтірген.

ҮӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

Сотталушы А.Б.Құсайыновты кешіретінін, ал Н.С.Ермекбаевқа жеңіл жаза қолдануды сұрайды. Іс құжаттары мен мән-жайларын зерттеп, қалаларға қатыстылығы, жол берушілігі, құрыстығы, ал барлық жиналған қалаларға істі шешуге жеткіліктілігі тұрғысынан баға беріп сот, А.Б.Құсайынов пен Н.С.Ермекбаевтың кінәлары жан-жақты, толық және объективті түрде қалаларған.

Сот сотталушы Асан Берікұлы Құсайыновқа жаза тағайындаған кезде, жауапкершілігін ауырататын мән-жайлардың жоқ екенін, ал жауапкершілігін жеңілдететін мән-жайлар ретінде бұрын сотталмағанын, кінәсін толық мойындауын, өкінетінін, жағымды мінездемелерін, жәбірленушінің кешірімін ескерегі. Ағалық заттарды Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процессуалдық Кодексінің 118-бабының тәртібімен шешіледі.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

ҚПК-нің 395-398, 626, 627-баптарын басшылыққа алып, сот,

ҮКІМ ЕТТІ:

Асан Берікұлы Құсайынов Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 188-бабы 3-бөлігі 3-тармағымен кінәлі деп танылып, мүлкі тәркіленбей, 2 жыл 6 айға бас бостандығына шектеу жазасы тағайындалсын.

Сотталушы жазаны өтеуден қаскөулікпен жалтарған жағдайда, бас бостандығын шектеудің өтелмеген мерзімі қал сол мерзімге бас бостандығынан айыру түріндегі жазаға ауыстырылатыны ескертілсін.

А.Б.Құсайынов пен Н.С.Ермекбаевтан Қазақстан Республикасының ҚК-нің 98-1 және 98-2-бабы, Қазақстан Республикасының «Жәбірленушіге өтемақы қоры туралы» заңының 10-бабы 2-бөлігінің талаптарына сәйкес өтемақы қорына жиырма айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, яғни, 53 020 теңге мәжбүрлі төлем өндірілсін.

Нұрсұлтан Сәрсенбайұлы Ермекбаевтың Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексінің 188-бабы 3-бөлігі 3-тармағымен кінәлі деп танылып, мүлкі тәркіленбей, 2 жыл 6 айға бас бостандығына шектеу жазасы және сол мерзімге пробациялық бақылау тағайындалып, осы жазаны өтеу мерзімінде жыл сайын жүз сағаттан мәжбүрлі еңбекке тартылсын.

Үкім қарсы тарап Қарағанды облыстық сотының қылмыстық істер жөніндегі сот алқасына Ұлытау аудандық соты арқылы үкім жария етілген күннен бастап он бес тәулік ішінде апелляциялық шағым беруге, прокурор өтінішхат келтіруге құқылы.

Судья

А.А.Оспанов